

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

### Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы

(2015.24.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

<u>1-тарау. Жалпы ережелер</u>	<u>(1-3 баптар)</u>
<u>2-тарау. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның құқықтық мәртебесі және оның қызметі</u>	<u>(4-9 баптар)</u>
<u>3-тарау. Банктердің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысу тәртібі</u>	<u>(10-14 баптар)</u>
<u>4-тарау. Қатысушы банктерді депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығару тәртібі және депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның банк активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операция жүргізуге қатысуы</u>	<u>(15-16 баптар)</u>
<u>5-тарау. Депозиттерге міндетті кепілдік беру объектілері. Кепілдік берілген өтемді төлеу мөлшері мен тәртібі</u>	<u>(17-21 баптар)</u>
<u>6-тарау. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резерві</u>	<u>(22-23 баптар)</u>
<u>7-тарау. Қорытынды ережелер</u>	<u>(24-25 баптар)</u>

*Түпнұсқада мазмұны жоқ*

2009.12.02. № 133-IV ҚР Заңымен кіріспе өзгертілді (бұр.ред.қара)

Осы Заң депозиторлар - жеке тұлғалардың құқықтарын қорғауға бағытталған және ол, талап етуге дейінгі процентсіз депозиттерді және ислам банктерінде орналастырылған инвестициялық депозиттерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның құрылу және оның қызмет ету, екінші деңгейдегі банктердің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысу тәртібін, сондай-ақ жүйеге қатысушылардың өзара қарым-қатынастарының өзге де мәселелерін айқындайды.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

**1-бап.** Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) агент банк - депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын және депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен жасалған келісімнің негізінде депозиторларға кепілдік берілген өтем төлеу жөніндегі рәсімдерді орындайтын банк;
- 2) банк - екінші деңгейдегі банк;
- 3) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі - осы Заңда көзделген, қатысушы банктер депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған ұйымдық-құқықтық шаралар кешені;
- 4) жарналар - депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға қатысушы банктердің осы Заңның талаптарына сәйкес төлейтін төлемдері;
- 5) кепілдік берілген депозит - осы Заңға сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылатын депозит;
- 6) кепілдік берілген өтем - осы Заңға сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым кепілдік берілген депозит бойынша депозиторға төлейтін ақша сомасы;
- 7) қатысушы банк - депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын, тартылған депозиттерін қайтару жөніндегі міндеттемелеріне осы Заңға сәйкес кепілдік берілетін банк;
- 8) қатысушы банктің куәлігі - депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым қатысушы банкке беретін және оның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатынын куәландыратын құжат;
- 9) қосылу шарты - банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қосылу шарты, оның талаптарын депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым айқындайды және олар жүйеге кіретін барлық банктер үшін стандартты болып табылады;

2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 10) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

- 10) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

**2-бап.** Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының [Конституциясына](#) негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.
2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

**3-бап.** Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мақсаттары мен принциптері

1. Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мақсаты қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, соның ішінде қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда депозиторларға кепілдік берілген өтемді төлеу арқылы банк жүйесіне деген

сенімді қолдау болып табылады.

## 2. Мыналар:

- 1) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауды, банк шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын банктердің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысу міндеттілігі;
- 2) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің айқындығын қамтамасыз ету;
- 3) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдерді азайту;
- 4) кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервті қалыптастырудың жинақтаушы сипаты депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің негізгі принциптері болып табылады.

## 2-тарау. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның құқықтық мәртебесі және оның қызметі

### 4-бап. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымды құру

1. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын және өз қызметін осы Заңның, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің және жарғының негізінде жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

*2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

2. Уәкілетті орган депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның құрылтайшысы - жалғыз акционері болып табылады.

### 5-бап. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның негізгі міндеттері мен функциялары

1. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның негізгі міндеттері:

1) қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу;

2) қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда кепілдік берілген депозиттер депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

2. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым өзінің негізгі міндеттерін орындау үшін мынадай функцияларды орындайды:

- 1) осы Заңның талаптарына сәйкес кепілдік берілген өтемді төлейді;
- 2) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің тізімін жүргізеді;
- 3) өз активтерін инвестициялайды;
- 4) кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резерв қалыптастырады;
- 5) конкурстық негізде агент банкті таңдайды;
- 6) қатысушы банкті консервациялау кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысады;

*2007.12.01 № 222-III ҚР Заңымен 7) тармақша өзгертілді (күшіне енетін мерзімін қара) (бұр.ред.қара)*

7) қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айыру кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысады;

8) тарату комиссиясы депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым алдында ол төлеген (төлейтін) кепілдік берілген өтем сомасы бойынша берешекті өтеген кезге дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің тарату комиссиясының құрамына қатысады;

9) тарату комиссиясы депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым алдында ол төлеген (төлейтін) кепілдік берілген өтем сомасы бойынша берешекті өтеген кезге дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің кредиторлар комитетінің құрамына қатысады.

### 6-бап. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның кепілдіктері

1. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап оның депозиторларына кепілдік берілген өтемді төлеу жөнінде өзіне міндеттеме қабылдайды.

*2012.24.12. № 60-V ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

2. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның депозиторларға кепілдік берілген өтемді төлеу жөніндегі міндеттемелері қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату туралы мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіміне енгізілген күннен бастап бір жыл өткеннен кейін, бірақ қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап кем дегенде бес жылдан кейін тоқтатылуға жатады.

### 7-бап. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның құқықтары мен міндеттері

1. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым:

1) қатысушы банктердің жарналар төлеуін талап етуге;

2) қатысушы банктерден банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараты жоқ тартылған депозиттер бойынша мәліметтер сұратуға;

3) 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

4) осы Заңның 9-бабына сәйкес уәкілетті органнан қатысушы банктердің қаржылық жай-күйі туралы ақпаратты қоса алғанда, депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат алуға;

5) осы Заңның 16-бабында көзделген жағдайда, қатысушы банкке қарыз беруге;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қатысушы банкте депозитке ақша салуға;

7) Осы Заңның 23-бабында көзделген жағдайда қарыз алуды жүзеге асыруға;

8) қатысушы банктің тарату комиссиясынан кепілдік берілген депозиттер бойынша депозиторлардың тізімін, сондай-ақ кепілдік берілетін депозиттер бойынша кепілдік берілген өтем есебін уақтылы беруін талап етуге;

9) қатысушы банк Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда уәкілетті органның алдында оған ықпал ету шараларын және санкциялар қолдану туралы өтініш беруге құқылы.

2. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым:

1) қосылу шартының талаптарын айқындауға;

2) қатысушы банктердің жарналарды толық әрі уақтылы төлеуіне бақылау жасауға;

3) мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің депозиторларына осы Заңда көзделген тәртіппен кепілдік берілген өтем төлеуге;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 4) тармақша жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

4) өзінің функцияларын жүзеге асыру процесінде мәлім болған қатысушы банктер және олардың клиенттері туралы ақпаратты тек қызметтік мақсаттарда ғана пайдалануға;

5) уәкілетті органға қатысушы банктердің Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасын бұзу фактілері туралы хабарлауға;

*2013.05.12. № 152-V ҚР Заңымен 6) тармақша өзгертілді (2014 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

6) депозиторларға осы Заңның 21-бабында көзделген ақпараттарды беруге;

*2013.05.12. № 152-V ҚР Заңымен 7) тармақшамен толықтырылды (2014 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

7) арнайы резервтегі активтердің және меншікті активтердің бөлек бухгалтерлік есебін жүргізуге міндетті.

**8-бап.** 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

**9-бап.** Уәкілетті орган мен депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның өзара іс-қимыл жасау негіздері

1. Уәкілетті орган мен депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым өз қызметтерін үйлестіреді, қабылданатын құжаттарын келіседі және депозиттерге міндетті кепілдік беру бойынша жүргізілетін іс-шаралар жөнінде бір-бірін хабардар етеді.

2. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым өз функцияларын тиісінше және уақтылы орындау мақсатында уәкілетті органнан депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қажетті ақпарат алады, оны беру тәртібі уәкілетті орган мен депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым арасындағы келісім бойынша айқындалады.

*2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды*

3. Осы Заңда көзделген жағдайда, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым уәкілетті органнан қарыз алуға құқылы.

*2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды*

4. Уәкілетті орган депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның қаржылық есептеме көлемін, беру тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ оның активтерін инвестициялау тәртібін айқындайды.

### **3-тарау. Банктердің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысу тәртібі**

**10-бап.** Банктердің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіруі

1. Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіру үшін уәкілетті органның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банк шоттарын ашу мен жүргізуге берген лицензиясын алған күннен кейінгі күннен кешіктірмей депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға аталған лицензияның нотариалдық жолмен куәландырылған көшірмесін табыс етеді.

2. Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіретін банк уәкілетті органның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банк шоттарын ашу мен жүргізуге берген лицензиясын алған күні депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нысан бойынша жасалған өтініш беру арқылы қосылу шартына қосылуға міндетті.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіретін банк қосылу шартына қосылу туралы өтінішін бермеген жағдайда депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым екі жұмыс күні ішінде осы факті туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

3. Уәкілетті орган қосылу шартына қосылу туралы өтініш бермеген банкке Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес санкциялар қолдану туралы мәселені қарайды.

4. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым банктен оның қосылу шартына қосылуы туралы өтінішін алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оған қатысушы банктің куәлігін береді.

Қатысушы банк куәлігі депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер тізіліміне ақпарат енгізілген күні беріледі.

5. Банк міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер тізіліміне ақпарат енгізілген күннен бастап депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болады.

6. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер тізіліміне тиісті ақпарат енгізу арқылы қатысушы банктердің берілген және күші жойылған куәліктерінің есебін жүргізеді.

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 7-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

7. Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің тізілімі депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.

**11-бап.** Қосылу шарты

1. Банктің қосылу шартына қосылуы оның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушының міндетті шарты болып табылады.

## 2. Қосылу шартында:

- 1) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның толық атауы, оның орналасқан жері және банктік деректемелері туралы мәліметтер;
  - 2) шарттың нысанасы туралы нұсқау;
  - 3) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
  - 4) жарналарды төлеу тәртібі;
  - 5) қатысушы банктің депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға өзінің міндеттері мен функцияларын орындау үшін қажетті мәліметтерді ұсыну тәртібі;
  - 6) қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда қатысушы банктердің кепілдік берілген депозиттер бойынша және депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым өтейтін сомалар бойынша өз міндеттемелерін есептеу тәртібі;
  - 7) шартты тоқтату талаптары;
  - 8) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның қатысушы банктің банктегі есеп шотынан толық немесе ішінара төленбеген жарналар сомасын, сондай-ақ қатысушы банк шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемін акцептсіз тәртіппен есептен шығару құқығын қоса алғанда, тараптардың шартты бұзғаны үшін жауаптылығы туралы талаптар болуға тиіс.
3. Қосылу шарты депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктер тізіліміне ақпарат енгізілген кезден бастап күшіне енеді және қатысушы банкті депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығарған жағдайда тоқтатылады.

## 12-бап. Қатысушы банктер жарналарының түрлері және оларды төлеу тәртібі

1. Қатысушы банк осы Заңға және қосылу шартына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға мынадай жарналар төлеуге міндетті:

- 1) міндетті күнтізбелік жарналар - қатысушы банктердің тоқсан сайынғы төлемдері;
  - 2) қосымша жарналар - депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның кепілдік берілген өтемді төлеу үшін арнайы резерві жеткіліксіз болған жағдайда қатысушы банк төлейтін бір жолғы төлемдер;
  - 3) төтенше жарналар - қатысушы банктердің депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым осы Заңның [23-бабында](#) белгіленген тәртіппен алған қарыз сомасын және ол бойынша есептелген сыйақыны толық өтеуге арналған төлемдері.
- Төтенше жарналарды төлеу қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарды төлеу міндеттемелерін тоқтатып қоймайды.

2. Қатысушы банктің жарналарды төлеу тәртібі мен мөлшерін депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның басқарушы органы айқындайды.

Қатысушы банктің міндетті күнтізбелік жарнасының мөлшері есеп берілген тоқсаннан кейінгі айдың бірі күнгі жағдай бойынша қатысушы банктің кепілдік берілген депозиттері сомасының 0,5 процентінен аспауға тиіс.

Қатысушы банктің қосымша жарнасының мөлшері аталған қатысушы банк депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға өткен тоқсан үшін төлейтін міндетті күнтізбелік жарнаның екі еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Қатысушы банктің төтенше жарнасының жылдық мөлшері аталған қатысушы банк депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға тоқсан сайын төлейтін міндетті күнтізбелік жарнаның жылдық мөлшерінен аспауға тиіс.

*2007.12.01 № 222-III ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (күшіне енетін мерзімін қара) (бұр.ред.қара)*

3. Қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиясынан айырыған күннен бастап қатысушы банктің жарналарды төлеу жөніндегі міндеттемесі соттың банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

4. Қатысушы банктердің қосылу шартына сәйкес төлеген жарналары қайтарылмайды.

## 13-бап. Қатысушы банктің құқықтары мен міндеттері

### 1. Қатысушы банк:

1) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымнан жарна ставкалары және оларды төлеу мерзімі жөніндегі мәліметтерді, сондай-ақ депозиттерге міндетті кепілдік беру мәселелері бойынша банктік және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпараты жоқ өзге де мәліметтерді алуға;

2) агент банкті таңдау жөніндегі конкурсқа қатысуға;

3) бұқаралық ақпарат құралдарында өзінің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатыны туралы мәліметтерді таратуға құқылы.

### 2. Қатысушы банк:

1) осы Заңға сәйкес жарналарды уақтылы және толық көлемде төлеуге;

2) клиенттерді қатысушы банк куәлігінің нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып өзінің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатыны туралы, сондай-ақ кепілдік берілген өтемді төлеу шарттары туралы хабардар етуге;

3) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға кепілдік берілген депозиттерді қайтару жөніндегі міндеттемелерін толық және уақтылы орындау мүмкін болмай қалуына әкеп соғатын жағдайдың туындағаны туралы мұндай жағдай туындаған кезден бастап күнтізбелік бес күн ішінде хабарлауға;

4) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға өздері төлеген жарналар бойынша есептердің дұрыстығын растайтын мәліметтерді ұсынуға;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 5) тармаққа өзгертілді (2016 жс. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

5) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның сұратуы бойынша тартылған депозиттер бойынша банктік және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпараты жоқ өзге де мәліметтерді ұсынуға;

*2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 6) тармақпен толықтырылды (2016 жс. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)*

6) қосылу шартының талаптарын сақтауға міндетті.

3. Қатысушы банктің тарату комиссиясы қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен



бастап жеті жұмыс күні ішінде депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға кепілдік берілетін депозиттер бойынша депозиторлардың тізімін, сондай-ақ депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемнің соттың аталған шешімі заңды күшіне енген күнге жасалған есептерін табыс етуге міндетті.

**14-бап.** Қатысушы банктің атауын өзгерту салдары

*2012.24.12. № 60-V ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

1. Қатысушы банк депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға өз атауының өзгергені туралы мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтаманы алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

2. Қатысушы банктің атауы өзгерген жағдайда депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым қатысушы банктен растайтын құжаттарды алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктер тізіміне тиісті өзгерістер енгізе отырып қатысушы банктің куәлігін ауыстырады. Бұл ретте, мұндай банкке бұрын берілген қатысушы банк куәлігінің күші жойылуға тиіс.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 4-тармаудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

**4-тармау.** Қатысушы банктерді депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығару тәртібі және депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның банк активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операция жүргізуге қатысуы

**15-бап.** Қатысушы банкті депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығару

1. Қатысушы банкті депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығаруға мыналар:

*2007.12.01 № 222-III ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (күшіне енетін мерзімін қара) (бұр.ред.қара)*

1) уәкілетті органның қатысушы банкті жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, олардың банк шоттарын ашу мен жүргізуге арналған лицензиясынан айыруы;

2) қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен қатысушы банктің қызметін тоқтату;

3) қатысушы банктің уәкілетті органға жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банк шоттарын ашу мен жүргізуге берілген лицензияны ерікті түрде қайтарып беруі негіз болып табылады.

2. Қатысушы банк:

*2007.12.01 № 222-III ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (күшіне енетін мерзімін қара) (бұр.ред.қара)*

1) уәкілетті орган қатысушы банкті жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банк шоттарын ашу мен жүргізуге арналған лицензиясынан айырған кезде - уәкілетті органның осындай лицензиядан айыру туралы шешімі күшіне енген күннен бастап;

2) қатысушы банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру немесе тарату кезінде - қатысушы банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап;

*2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

3) қатысушы банк ерікті түрде қайта ұйымдастырылған кезде - қатысушы банктің ерікті түрде қайта ұйымдастырылуына уәкілетті органның рұқсатында көрсетілген күннен бастап;

*2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен 3-1) тармақшамен толықтырылды*

3-1) қатысушы банк ерікті түрде таратылған кезде - қатысушы банктің ерікті түрде таратылуына уәкілетті органның рұқсаты алынған күннен бастап;

4) қатысушы банк уәкілетті органға жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банкте шоттарын ашуға және жүргізуге арналған лицензияны ерікті түрде қайтарған кезде - оның ерікті түрде қайтарылуына байланысты лицензияның қолданылуы тоқтатылғаны туралы уәкілетті органның шешімі күшіне енген күннен бастап депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығарылуға тиіс.

3. Қатысушы банкті депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығару депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктердің тізіміне қатысушы банктің куәлігін жою туралы жазба енгізу арқылы жүзеге асырылады.

*2007.12.01 № 222-III ҚР Заңымен (күшіне енетін мерзімін қара) (бұр.ред.қара) ; 2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 4-тармақ өзгертілді*

4. Қатысушы банкті депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығару депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның қатысушы банкке ол жүйеден шығарылған күнге дейін жатқан кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерін тоқтатпайды.

Уәкілетті органның депозиттерді қабылдауға, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге берілген лицензиядан айыруы, сондай-ақ ерікті қайта ұйымдастыру негіздері бойынша қатысушы банкті депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығарған кезде жүйеден шығарылған банк оны шығарған күннен бастап үш ай ішінде жеке тұлғалардың депозиттерін тікелей төлеу арқылы не Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, оларды басқа қатысушы банкке аудару арқылы қайтарып беруге міндетті.

Осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында (қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату жағдайынан басқа) және 4) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша қатысушы банкті депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығарған кезде жүйеден шығарылған банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес депозиттерді қайтарып беруге міндетті.

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен тақырыбы өзгертілді (бұр.ред. қара)*

**16-бап.** Кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелердің бір бөлігін және мәжбүрлеп таратылатын банктің мүлкін бір мезгілде беру ерекшеліктері

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

1. Депозиторлардың мүдделерін қорғау мақсатында банк активтері мен міндеттемелерін жеке және (немесе) заңды тұлғалар

алдында ішiнара не толық көлемде басқа банкке (банктерге) бiр мезгiлде беру операциясын жүргiзуге жол берiледi, оны жүргiзу тәртiбi Қазақстан Республикасының банк заңнамасында айқындалады.

*2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

2. Консервациялау сатысында банкті басқару жөнiндегi уақытша әкiмшiлiк (банкті уақытша басқарушы), банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешiмi заңды күшiне енгенге дейiн банктің уақытша әкiмшiлiгi (уақытша әкiмшiсi) осы баптың 1-тармағында көрсетiлген операцияны жүргiзу процесiнде, депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйым қарыз беруге не кепiлдiк берiлген депозиттер бойынша мiндеттемелердi қабылдайтын қатысушы банкте (банктерде) депозиттер орналастыруға құқылы, оларды беру не орналастыру ерекшелiктерi мен тәртiбi уәкiлеттi органның нормативтiк құқықтық актiлерiнде айқындалады.

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 3-тармақ өзгертілді*

3. Егер осы баптың 1-тармағына сәйкес берiлетiн кепiлдiк берiлген депозиттер бойынша мiндеттемелердiң мөлшерi банк мүлкiнiң мөлшерiнен асып кетсе, депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйым арнайы резерв қаражаты есебiнен пайда болған айырманың орнын толтыруға құқылы.

4. Депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйым осы баптың 2, 3-тармақтарына сәйкес беретiн қаражат мөлшерi кепiлдiк берiлген өтем ретiнде төленуге жататын, осы Заңның [18-бабына](#) сәйкес айқындалатын сомадан аспауға тиiс.

## **5-тарау. Депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру объектiлерi. Кепiлдiк берiлген өтемдi төлеу мөлшерi мен тәртiбi**

### **17-бап. Депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру объектiлерi**

Қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда, банк шоттарында жатқан және банктік шот және (немесе) банктік салым шарттарымен және (немесе) салым құжаттарымен куәландырылған жеке тұлғалардың теңге және шетел валютасы түрiндегi депозиттерiн олар бойынша есептелген сыйақысыз қайтару бойынша қатысушы банктің мiндеттемелерi депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру объектiлерi болып табылады.

*2008.23.10. № 72-IV ҚР Заңымен (бұр.ред. қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 18-бап өзгертілді; 2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен 18-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

### **18-бап. Кепiлдiк берiлген өтем**

Қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда, депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйым депозиторларға кепiлдiк берiлген депозиттер бойынша депозит бойынша қалдық сомасында, ол бойынша есебiне жазылған сыйақысыз, бiрақ:

ұлттық валютадағы кепiлдiк берiлген депозит бойынша он миллион теңгеден;

шетел валютасындағы кепiлдiк берiлген депозит бойынша бес миллион теңгеден аспайтын кепiлдiк берiлген өтемдi төлейдi.

Қатысушы банкте депозитордың түрi мен валюта бойынша әртүрлi бiрнеше кепiлдiк берiлген депозитi болған кезде депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйым олар бойынша он миллион теңгеден аспайтын сомада жиынтық кепiлдiк берiлген өтемдi төлейдi.

### **19-бап. Депозиторлардың кепiлдiк берiлген өтем алу құқықтары**

1. Депозитор осы Заңда белгiленген мөлшерде және тәртiппен кепiлдiк берiлген депозит бойынша кепiлдiк берiлген өтем алуға құқылы.

2. 2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

3. Депозитор бiрнеше қатысушы банктерде депозиттер ашқан жағдайда депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйым кепiлдiк берiлген өтемдi әрбiр қатысушы банк бойынша жеке-жеке төлейдi.

4. Кепiлдiк берiлген депозиттер бойынша кепiлдiк берiлген өтем төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргiзiледi. Шетел валютасындағы депозиттер бойынша кепiлдiк берiлген өтемдi есептеу үшін валюта айырбастаудың қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешiмi заңды күшiне енген күнге белгiленген нарықтық бағамы қолданылады.

### **20-бап. Агент банк**

1. Депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйым кепiлдiк берiлген өтемдi қатысушы банктер арасынан конкурстық негiзде таңдап алынған агент банк (банктер) арқылы төлейдi.

Агент банкті таңдау жөнiндегi конкурсты өткiзу тәртiбi және агент банкке қойылатын талаптар уәкiлеттi органның нормативтiк құқықтық актiсiнде айқындалады.

2. Егер қатысушы банктердiң бiрде-бiреуi агент банкке қойылатын талаптарға сай келмеген жағдайда депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйым кепiлдiк берiлген өтемдi Ұлттық почта операторы арқылы төлейдi.

### **21-бап. Кепiлдiк берiлген өтемдi төлеу тәртiбi**

1. Депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйым қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешiмi заңды күшiне енген күннен бастап он төрт жұмыс күнi iшiнде Қазақстан Республикасының бүкiл аумағында мемлекеттiк және орыс тiлдерiнде таралатын мерзiмдi баспасөз басылымдарында жариялау арқылы қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату және кепiлдiк берiлген өтемдi төлеудi жүзеге асыратын агент банктің (не агент банкті таңдау мүмкiн болмаған жағдайда Ұлттық почта операторының) атауын көрсете отырып, кепiлдiк берiлген өтемдi төлеудiң басталғаны, төлеу кезеңi мен орны (орындары) туралы не осы Заңның [23-бабында](#) көзделген жағдайда, кепiлдiк берiлген өтемдi төлей бастау мерзiмiн кейiнге қалдыру туралы хабарлайды.

Депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйым кепiлдiк берiлген өтемдi төлей бастау мерзiмiн кейiнге қалдырған жағдайда Қазақстан Республикасының бүкiл аумағында мемлекеттiк және орыс тiлдерiнде таралатын мерзiмдi баспасөз

басылымдарында жариялау арқылы төлеудің басталуы, кезеңі, орны (орындары) және шарттары туралы депозиторларға қосымша хабарлайды.

Депозитор аталған ақпаратты депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымнан тікелей алуға құқылы.

**2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2016 жс. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)**

2. Мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің депозиторы кепілдік берілген өтемді төлеудің басталғаны туралы хабарландыру шыққан күннен бастап алты ай ішінде өзіне кепілдік берілген өтемді төлеу туралы агент банкке жазбаша өтініш беруге құқылы. Агент банк кепілдік берілген өтемді депозитор жеке басын қуәландыратын құжатты ұсынғанда ғана төлейді.

3. Депозитордың мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банкке талап ету құқықтары расталған жағдайда агент банк кепілдік берілген өтемді құжаттар агент банкке келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей төлейді.

4. Алты ай өткеннен кейін депозитор кепілдік берілген өтемді алу үшін депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға өтініш жасауға құқылы.

5. Егер мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банк депозиторға қатысты кредитор немесе кепілдік беруші болса, кепілдік берілген өтемнің мөлшері кепілдік берілген депозит сомасы мен аталған қатысушы банктің қарсы талаптарының сомасын есепке алу нәтижелері бойынша шыққан айырма сомасына сүйене отырып айқындалады.

## **6-тарау. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резерві**

**22-бап.** Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арнайы резерві

**2013.05.12. № 152-V ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2014 жс. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)**

1. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым осы Заңда көзделген қатысушы банк депозиторларының мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін:

1) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталы мөлшерінің жетпіс пайызы шегінде оның шығыстары;

2) қатысушы банктердің жарналары;

3) қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қатысушы банктерге қолданылған тұрақсыздық төлемі;

4) мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің төленген (төленетін) кепілдік берілген өтем сомалары бойынша депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алынған ақша;

5) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арнайы резервінің активтерін орналастырудан түскен кіріс;

6) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның жарғысында көзделген тәртіппен оның шығыстар мен аударымдар сомасына азайтылған меншікті активтерін орналастырудан түскен кіріс шегінде және есебінен арнайы резерв қалыптастырады.

2. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арнаулы резервінің нысаналы мөлшері қатысушы банктердегі бүкіл кепілдік берілген депозиттер сомасының бес процентінен кем болмайды.

**2013.05.12. № 152-V ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды (2014 жс. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)**

3. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арнайы резерві кепілдік берілген өтемді төлеу үшін ғана пайдаланылуы мүмкін.

**2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 23-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)**

**23-бап.** Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның қарыз алуы

Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арнайы резервінің қаражаты депозиторларға кепілдік берілген өтем төлеуге жеткіліксіз болса және жетіспейтін соманы қатысушы банктердің қосымша жарналары есебінен жабу мүмкін болмаған жағдайда, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым уәкілетті органнан жетіспейтін ақша сомасында қарыз алуға құқылы.

Депозиторларға кепілдік берілген өтемді төлеуді бастау уәкілетті органмен келісім бойынша қарыз алу үшін қажетті, бірақ қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап күнтізбелік қырық бес күннен аспайтын мерзімге ұзартылады.

## **7-тарау. Қорытынды ережелер**

**24-бап.** Дауларды қарау тәртібі

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жөніндегі қарым-қатынастардан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

**25-бап.** Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және Заң қолданысқа енгізілгенге дейін банктер жеке тұлғалармен жасасқан банктік шот және (немесе) банктік салым шарттарынан туындайтын қарым-қатынастарға қолданылады.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілген кезде депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушылары болған банктер осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап үш ай ішінде депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен осы Заңда белгіленген тәртіппен қосылу шартын жасасуға міндетті.

3. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қатысушы банктермен

жасасқан міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу, жеке тұлғалардың тартылған депозиттері бойынша сыйақының ең жоғары ставкалары және банктің депозит саясаты жөніндегі мәліметтерді ұсыну туралы шарттар қатысушы банкпен осы Заңда белгіленген тәртіппен қосылу шартын жасасқан кезге дейін қолданылады.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Н. Назарбаев**

Астана, Ақорда, 2006 жылғы шілденің 7-сі.  
№ 169-III ҚРЗ